

Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 26 маусым N 948

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) 30.11.1999 жылғы N 22/2000-НВ келісім-шарты бойынша "Узалмазолото" алтын өндіру және алмас өңдеу жөніндегі қауымдастығы (Ташкент қаласы) үшін беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 2 және 3-қосымшаларға сәйкес Халықаралық теміржол жүк қатынасы келісімінің Қауіпті жүктерді тасымалдаудың қолданылып жүрген ережелері мен басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге және 2 және 3-қосымшаларға сәйкес қозғалыс бағыты бойынша тиіп-жөнелту кестесіне сай ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүкті темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге а с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

қаулысына 1-қосымша

"Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы 30.11.99 ж.
 N 22/2000-НВ келісім-шартқа 30.03.00 ж. N 1 толықтырумен
 "Узалмаззолото" қауымдастығына жеткізетін тауарлардың мөлшері

 N ! Тауарлардың атауы ! Өлшем ! Саны ! Бағасы ! Жалпы құны
 p/c ! !бірлігі ! ! АҚШ ! АҚШ долларымен
 ! ! ! ! долл. !

1	д-32 мм патрондарындағы 6ЖВ аммониті, ГОСТ 21984-76	тн	300	990.00	297000.00
2	АС-8 гранулиті ГОСТ 21987-76	тн	200	700.00	140000.00
3	Граммонит 30/70 ГОСТ 21988-76	тн	100	1090.00	109000.00
4	79/21 граммониті ГОСТ 21988-76	тн	100	645.00	64500.00
5	КД-8МА ДИШВ 733.941.008 ТУ капсюлді-детонаторлар	мың дана	517	131.00	67727.00
6	ЭД-3Н ДИШВ 773.951.300 ТУ электродетонаторлар	мың дана	56	500.00	28000.00
7	ДША тұтандырғыш бау, ГОСТ 6196-78	мың м.	303	245.00	74235.00
8	ОШП от өткізгіш бау, ГОСТ 3470-80	мың м.	1500	141.00	211500.00
9	ЗПБ ТУ 84-206-81 тұтандырғыш патрондар	мың дана	25	426.00	10650.00
10	ЭЗ-ОШ ТУ 84-207-81 электр тұтатқышы	мың дана	25	470.00	11750.00

 Жиыны

1014362.00

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 2000 жылғы 26 маусымдағы N 948
 қаулысына 2-қосымша

30.11.99 жылғы N 22/2000-НВ келісім-шарты бойынша 2000 жылы
 "Узалмаззолото" ассоциациясына өнім тиіп-жөнелту
 Кестесі

 N ! Өнімнің атауы !Өлшем !Жылына !Оның ішінде вагондар
 р/с ! !бірлі.!барлығы ! тоқсан бойынша
 ! ! !гі ! !-----
 ! ! ! ! II ! III ! IV

1	д-32 мм патрондарындағы 6ЖВ аммониті, ГОСТ 21984-76	тн	300	90	120	90
2	АС-8 гранулиті ГОСТ 21987-76	тн	200	100	50	50
3	30/70 граммониті ГОСТ 21988-76	тн	100	100	-	-
4	79/21 граммониті ГОСТ 21988-76	тн	100	-	100	-
5	КД-8МА ДИШВ 773.941.008 ТУ капсьюльді-детонаторлар	мың дана	517 303	(1в) 303	- -	- -
6	ЭД-3Н ДИШВ 773.951.300 ТУ электродетонаторлар	мың	56	400(1в)	400	700
7	ДША тұтандырғыш бау	мың м.	303	4	513	-
8	ОШП от өткізгіш бау	мың м.	1500	-	-	56
9	ЗПБ ТУ тұтандырғыш патрондар дана	мың	25	-	-	25
10	ЭЗ-ОШ ТУ электр тұтандырғыш дана	мың	25	-	-	25

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 2000 жылғы 26 маусымдағы N 948
 қаулысына 3-қосымша

Жарылғыш заттардың 2000 жылғы жеткізілімі
 үшін қозғалыс бағыты

Жарылғыш материалдардың қозғалыс бағыты мынадай бағыттар бойынша
 жүзеге асырылады:

1. Жүк жөнелтуші: "Знамя" ААҚ Киселевск қаласы (Ресей Федерациясы)

Жөнелту станциясы: Черкасов камень (Ресей Федерациясы);

Баратын станциясы: Аблық, Өзбек темір жолы.;

Шекарадан өту станциясы: Локоть - Шеңгелді (Қазақстан Республикасы);

2. Жүк жөнелтуші: "Искра" ГУП Новосибирск механикалық зауыты,
Новосибирск қаласы (Ресей Федерациясы);

Жөнелту станциясы: Пашино (Ресей Федерациясы);

Баратын станциясы: Аблық, Өзбек темір жолы.;

Шекарадан өту станциясы: Локоть - Шеңгелді (Қазақстан Республикасы);

3. Жүк жөнелтуші: ГУП Пласмасс зауыты, Копейск қаласы (Ресей
Федерациясының Челябинск облысы);

Жөнелту станциясы: Потанино (Ресей Федерациясы);

Баратын станциясы: Аблық, Өзбек темір жолы;

Шекарадан өту станциясы: Никель-Тау - Шеңгелді (Қазақстан
Республикасы);

Алушы: "Узалмазолото" қауымдастығы Ташкент, Өзбекстан.